

"Ауданның коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін анықтау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 71 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 262 қаулысы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40 бабы 2 тармағы 4) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ауданның коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін анықтау туралы" (Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 наурызда № 3178 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 наурызда "Есіл таңы" № 14 (468) газетінде, 2015 жылғы 27 наурызда "Ишим" № 14 (8754) газетінде жарияланған) Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 71 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Қ.Едіресовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Әбішев